

**СЫР БОЙЫНДАҒЫ ЖЫРШЫЛЫҚ ДӘСТҮРДІҢ ҚОРҚЫТ
ДӘУІРІНДЕ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ**
STAGES OF THE FORMATION OF THE ZHYRSHY TRADITION IN THE
SYRDARYA VALLEY IN THE TIME OF KORKYT

Бақыт ӘБЖЕТ*

Түйіндеме

Мақалада түрік халықтарында ежелден келе жатқан жыршылық дәстүрдің ислам діні ене бастаған тұста Сыр бойындағы қайта түлеуі, Қорқыт заманында жыраулық мектептің сопылық мектеп ізімен қайта қалыптасу кезеңдері сөз болады. «Қорқыт Ата кітабында» жырланған батырлардың Сыр бойында іздері, кейінгі қазақтың эпостық жырларындағы көріністері де кеңінен қарастырылады.

Кілт сөздер: Сыр бойы, Қорқыт, Алпамыс, бақсылық, жыршылық, сопылық мектеп, оғыз-қыпшақ.

Summary

The article talks about the revival of the zhyrshy tradition with the advent of Islam in the Syrdarya valley, as well as the stages of re-forming the Zhyrau school in the footsteps of the Sufi school during the time of Korkyt. This article also discusses the traces of batyrs in the Syrdarya valley, described in the book "Korkyt Ata", as well as their appearance in the epic works of the Kazakhs.

Key words: Syrdarya Valley, Korkyt, Alpamys, shamanism, zhyrshy traditions, School of Sufism, Oguz-Kipchak.

Сыр бойының мәдениеті туралы сөз қозғалғанда Оғыз мемлекеті тұсында айрықша дамыған жыршылық дәстүрдің қалыптаса бастауын жан-жақты терең қарастыру қажет. Сыр өңірінде жыршылық мектептің мықты орнығып қалуы Қорқыт ата кезінде қобызға қосылып жыр айту дәстүрінің берік қалануында жатқан болуы мүмкін. Оғыз мемлекеті өзіне тиесілі аймақта өмір сүріп жатқан көптеген түрік тайпаларының басын қосты. Бұл тайпаларының ішінде кейін қыпшақ тайпаларының құрамына қосылған тайпалар да болды. Тарихшы Талас Омарбеков ол жайлы: «Айтпай кетуге болмайтын тағы бір мәселе, кейбір түркі

* филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркология ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері. Түркістан-Қазақстан.
Candidate of philological Sciences, professor K.A. Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan-Kazakhstan. E-mail: abjet_71@mail.ru

халықтары (түрікмендер, қарақалпақтар және т.б.) әлі күнге дейін өздерінің шежірелерін Оғызханнан (Өгізханнан) таратады. Жоғарыда атап кеткеніміздей, тарихи аңыздар қазақтың кейбір тайпаларының шығу тарихын Оғызханмен байланыстырады... «Оғыз заманындағы» тайпалардың тамаша өмірі «Оғызнаме» дастанында жырланады. Бұл аңыздар «Қорқыт Ата» кітабына еніп, бүгінгі ұрпаққа келіп жетті. «Оғызнаменің» үлкен географиялық аймақтарға таралып кетуі бұл дастанның тым ертеректе, Оғыздар батысқа жылжи бастаған алғашқы кезеңде шыққанын дәлелдей түседі" (Омарбеков, 2011).

Сыр бойында бой көтерген қалаларда сауда-саттық жақсы дамыды, мәдениет те ислам дінінің енуі арқылы жаңа белеске көтерілді, жыршылық өнер де қарқынды даму жолына түскен болатын. "Шығыстан Жетісудан Сыр бойына қарай жылжыған оғыз тайпалары сол тұстағы үлкен тайпалар печенег – кангарларды талқандап, Сырдарияның орта, төменгі ағыстарын Арал өңірін тұтастай иеленді. IX ғасырдың соңында оғыз шонжарлары Аралдың солтүстік өңіріндегі билікті өз қолдарына алып, Жайық, Еділ өзендерінің бойына қоныс тепті. Қаратау бөктері, Шу бойы, Балқаш маңы, Орал, Ырғыз, Ембі, Ойыл, өзендері тұтастай оғыздар мекеніне айналды. Бұл оқиғалар оғыздардың саяси топтасуына себепші болған еді. Араб деректерінің мәліметтеріне қарағанда, IX ғасырдың соңы мен X ғасырдың басында оғыздарда мемлекет қалыптасты. Оғыз конфедерациясына кангар печенегтер, Арал, Каспийдің солтүстік төңірегін тайпалары енді. Оғыздармен бірге Сырдарияға көшкен халаж, қарлұқ тайпалары, Шу мен Талас аңғарын мекендеуші жағр, шарұқ тайпалары да кірді. Шығыс Түрік тайпаларының кейбір топтары да болды. Олардың ішінде имек кимек тайпалары, байандұрлар, имурлер, кай тайпалары бар еді" (National Digital History порталы. 25/04/2018. kaz.ehistory@gmail <http://e-history.kz/kz/contents/view/310>).

Кангар деп отырғаны ежелден мекендеп келе жатқан қаңлы тайпалары болса керек. Қаңлылар Сырдың орта ағысы мен Қаратау бойында өмір сүргені белгілі. "Қорқыт ата кітабында" ең беделді батыр ретінде Бамсы Байрақты көреміз. Демек, қоңырат тайпалары да Оғыз тайпалары бірлестігі арасында аса жоғары беделге ие болған деп жорамалдауға негіз бар. Стамбул университетінің профессоры Орхан Шайықтың көрсетуінше «Қорқыт кітабындағы» ұлы бейне Байбөрі ұғлы Бамсы Берік. Бұл ат қазақ, қарақалпақ, өзбек жыршылары айтатын «Алпамыс» атымен тығыз байланысты. Демек, оның ертедегі толық аты Алып-Бамсы, қысқартылып айтылғаны Алпамыс болуы керек. Тарихи

Б.Әбжет. Сыр бойындағы жыршылық дәстүрдің Қорқыт дәуірінде...

дәуірлерде ол Сыр бойын мекендеген тайпалардың үздіксіз айтып жүрген «Қорқыт» жырының бір тарауы болған, кейін өз алдына жеке бір ұлы эпосқа айналады.

«Қорқыт кітабына» ең жақын келетін, әсіресе, Жүсіпбек жырлаған «Алпамыс» жыры. Мұнда да батырдың әкесі Байбөрі деп аталады. «Қорқыт кітабындағы» Байбөріден ешбір өзгешелігі жоқ. «Алпамыс» жырындағы екінші бір бейне сақау Бадамша қатын болса, ол да «Қорқыт кітабындағы» кекеш қатын Қысыршамен бірдей, екеуінің мінезі де, сөйлеуі де біріне-бірі бүтіндей жақын.

«Алпамыс» жырында үздіксіз айтылатын тайпаның бірі – қоңырат кітабында да кездеседі. Бүгінгі ғалымдар бұл қоңыратты кейін өзбек пен қазақ еліне қосылған бір ескі тайпа деп санайды. Қоңырат «Қорқыт кітабында» - «Қоңғур - Ат» болып жазылғаны ұлы тайпа екенін білдіреді. Олардың бүгінге дейін тұратын жері Сырдария, Арыс өзені, Қаратау өңірі. Өзбек жерінде қоңыраттар тарихи Жиделі-Байсын өлкесінде, Қашқадария, Сурхандария бойында тұрады. Сыр бойындағы қазақ қоңыраттары жыл сайын өзбектегі бауырларына барып, өздерінің шежіресін айтып, ата-бабалары бір екенін анықтап жүрген. Өзбек қоңыраттарының қария сөзі бойынша, XV ғасырға дейін олар жазда Сарыарқаны жайлап, қысқа қарсы Жиделі Байсынды қыстап жүрген (Марғұлан, 1985:139).

Сыр бойына ислам діні тарай бастаған тұста қоңырат тайпалары әлі де бұрынғы аталар культін, шамандық сенімнің құрсауында жүрген болатын. Бұл кезеңде қобызбен сарын айтып, батырлардың ерлік істерін жырға қосу, жоқтап жыр айту дәстүрі ертеден келе жатқан өнер саласы болған. Ол туралы түрік ғалымы Фуат Көпрүлү былай дейді: «Ол кездегі ақындар бір-біріне ұқсайтын, қолдарынан қобыздарын тастамайтын қарапайым адамдар еді. Ауыл-ауылды аралап, жалпы жиындарда, той-томалақтарда ертедегі батырлардың ерлігін марапаттайтын ұлттық дастандарды, аңыздарды айтатын немесе сол уақыттағы жаңа оқиғалар жайында жырлайтын», - деп атап өтеді (Көпрүлү, 2017: 9).

Ислам қағидалары әлі толықтай үстемдікке ие болмай тұрған кезеңде шыққан жырларды жырлаушы Қорқыт ата болған. Осы екі ірі тұлғаның өмір сүрген кезеңі бір-біріне жақын. Яғни, түркі халықтарының ислам дінін алғаш қабылдай бастаған дәуіріне сай келеді. Бұрынғы наным-сенімдердің орнын ислам дүниетанымы ауыстырып жатқан кезең болатын. Қазіргі кезде Қорқыт шамандық сенімнің өкілі болған ба, жоқ ислам дінін қабылдаған ба деген өткір сұрақ туындайды. Зерттеушілердің көбі оның шамандық нанымда болғандығын, өлімнен

қашуының өзі ислам қағидасына қайшы пікір екендігін айтқан. Зерттеушілердің көбі Қорқыт шамандық дәуірдің өкілі болғандығы туралы оның аңыздарына талдау жасау арқылы дәлелдер келтіреді. Қазақтар ел ішінде емшілікпен айналысқан бақыстарды мұсылман деп санамаған. Оның үстіне қазақтар бақсы өлген кезде оны мұсылман салтымен жаназа шығарып қоймайтын болған. Абайдың «Моласындай бақсының, Жалғыз қалдым тап шыным» дейтіні бар. Бақыстар ел аралап жүріп адамдарды емдеумен айналысқанымен, мұсылманшылықты ұстанған қазақтар өлген бақсыны жоқтамаған, жаназасын шығармастан жеке апарып көме салатын болған. Демек, бақсының ісі шарифатқа қайшылығымен ерекшеленген. Бірақ, Қорқыт ислам дінінің әсері ел ішінде белең ала бастаған тұста өмір сүргендіктен оны көбіне мұсылманшылықты дәріптеген ата деп есептейді. Жоғарыда айтқанымыздай бақсы мен шарифат заңы бір-біріне қайшы дүниелер, сондықтан да Қорқыт таза мұсылман болған, бес уақыт намаз оқып, тақуалық жолда жүрген деу қисынға келмейді. Бұл жерде жыршылық өнер кейін сопылық термелерді, ясауи хикметтерін насихаттау жолына түскендіктен өзара байланыс орнағандығын көреміз. Көне түрік жыршылары басқаша бағытқа бет бұрды, дамудың жаңаша түрін насихаттауға кірісті. Соның нәтижесінде бұрын ел ішінде зор беделге ие болған Қорқыт ата тек қана бақыстардың ғана емес, жыраулардың да піріне айналған болатын. Бұрынғы жыршылар арасында алғаш болып ислам дінін қабылдаған, ислам қағидаларын мүлтіксіз орындамаса да өз сарындарына сол дәуірде Сыр бойына кең тарай бастаған ислам құндылықтарына бой ұрған, түрік тайпалары арасында бақыстықтың жаңа формасын қалыптастыра алған, жаңа мен ескі мәдениетті ұштастыра отырып, ислам дінін қабылдай бастаған ру басылардың істерін қолдаған, олардың аттарын қобыз сарынына қосқан абыздар зор беделге ие бола бастаған. Себебі Қорқытқа шейінгі бақыстардың барлығы тек қана шамандық сенімдегі Көктәңірі, Ай құдайының мекеніндегі айдын көлді мекен етегін перілер мекені, (Бұл «Едіге» жырында көрініс тапқан) жердегі қыпшақтардың пірі - Жайық хан, жер астындағы өлілер мекенінің әміршісі Ерліктің нөкерлері жайлы ескі сарынды бақыстар ислам діні тараған соң жойылған. Бұрынғыдай көктегі, жердегі, жер астындағы өмір туралы шамандық нанымдар ислам діні кірген соң әлсіреп, өз қуатынан айрылған. Ескі сенімдегі бақыстар өз сарындарын матриархат культінің құдайларына жалбарынудан бастайтын болған. Ауру болып жабысатын «Сумандаған су пері» немесе «Сары қыз» секілді бақсы сарынында сақталған кейіпкерлер сол көне

Б.Әбжет. Сыр бойындағы жыршылық дәстүрдің Қорқыт дәуірінде...

сенімнен қалған ана құдайлардың жұрнағы еді. Қорқыт бақсылардың ішінде алғашқы болып көне шамандық құдайларға өзі қарсы шығады. Қобызға ясауия тариғатындағы пірлерді қосып сарнату осы Қорқыттың жолын ұстанған бақсылардан басталған секілді. Себебі, кейінгі бақсылар сарынында «Ғайып Ерен қырық шілтен», «Баба Түкті Шашты Өзіз», «Қорасан» секілді сопылық кейіпкерлерге табыну орын ала бастаған. Түрікмен, өзбек бақсылары арасында «Әзіреті Әлі», «Бахауаддин» секілді ислам дініндегі діни қайраткерлердің аты аталып отырады. Осылайша бұрынғы қалыптасқан бақсылық сарынға жаңаша бағыт әкеледі. Бұл өзгерістерге Қорқыт кезінде шамандық сенімдегі бақсылардың қарсы шығуы заңдылық, жаңа бағытта сарнаған бақсыны ескі дін өкілдерінің қуғындауы табиғи құбылыс. Дінтанушы Д.Кенжетай «Қорқыт Ата мен Әзіреті Ясауи – түркілік дүниетанымның бірін-бірі толықтырып тұратын екі кезеңнің өкілдері» деп көрсетеді (Кенжетай, 2004: 167).

Демек, сол кезде тарай бастаған сопылық ілімнің түркілерге ықпалы қатты болғанын көреміз. Ясауи дәуірінен бастап қыпшақ даласында бұрынғы бақсылық озандардың орнын «ата», «баба» титулындағы дәруіштер ала бастады. Бақсылардың ішінен Қорқыт ата атануы да содан болуы мүмкін. Алтын Орда дәуірінде ясауия тариғаты ресми ұстаным ретінде қабылданған тұста Қорқыттың атағының шартарапқа жайылуы бір-біріне байланысты болғандығынан болса керек. Ислам орныққан соң түркі халықтарында сақталған бақсылар XX ғасырға шейін Қорқытты бақсылардың пірі ретінде санап, соған табынып келді.

Алпамыстың өмір сүрген кезеңі де оғыздардың Сыр бойында тұрған дәуірімен тұстас келеді. Алпамыс әскербасы ретінде сыртқы және ішкі жаулармен соғыста елдің тыныштығын сақтау үшін күрескен тұлға. Ол эпоста да суреттелген. Оның қапыда қаза табуы елдің іргесінің шайқалуына әкеп соқтырған. Бұл ескі наным мен жаңа діннің арасындағы тартысқа толы бір күрделі кезең болатын. Сыр бойын тұрған оғыз ұлысы ұдайы пешенектермен соғысып келді, ұзаққа созылған соғыстың салдарынан 1043 жылы Оғыз бірлестігі ыдырап, соның салдарынан оғыздар Кавказ бен оңтүстікке қарай ығыса бастаған. Бұл X-XI ғасырларда Сырдың бойында бой көтерген Жанкент, Өгізкент секілді қамалдарда тұратын түрікмен тайпалары Сейілхан аталса, қыпшақ тайпалары Жайылхан ұрпақтары атанған. «Қорқыт ата» кітабында Қиян Сейілханның ұлы ер жүрек Дондаз батыр жиі аталады. Қияндар мен қияттардың жебеушісі Сейілхан болған. «Қобыланды

батыр» жырында да Қияттан шыққан Сейілдің ұлы Қараман Қазан ханның Қырлы, Сырлы қаласына жорыққа аттанатыны бар. Қыпшақ тайпаларының жебеуші атасы – Жайылхан. Ол жайлы «Алпамыс батыр» эпосында да бірнеше жерінде ұшырасады. Мысалы, «Алпамыс батыр» жырының қарақалпақ нұсқасында Жайылған қоңырат тайпасының жебеуші атасы ретінде жиі ұшырасып отырады. Алпамыс батыр жауға шапқанда немесе қиын-қыстау сәтте өзінің пірі Жайылғаннан көмек сұрап жалынатыны бар:

Жұртынан айрылған мен де сайылман,
Хәр не қылсаң, өз хәмирине хайылман.

Байшубар болдырды, ку шөллерде,

Қоңыраттың бабасы дейді Жайылған (Қарақалпақ фольклоры, 2007: 37).

Алпамыс қиын-қыстау сәтте бабасы Жайылғаннан көмек сұрайды. Оған бабасы ылғи да көмекке келеді. Бұл шамандық кезеңдегі бабалар культіне жатады. Шамандық сенім бойынша жер бетіндегі түркі тайпаларын бәле-жаладан сақтаушы құдайының аты Жайық хан. Жайық бір жағы су құдайының да атауы. Қазығұртқа қатысты айтылатын топан су жайлы аңызда Жайықнама елді апаттан құтқарушы тәңірі ретінде сақталған. Бұл исламға дейінгі түркілік сенімге жатады.

«Алпамыс батыр» жырында исламды енді қабылдап жатқан түркі халықтарының алғашқы кезеңдері баяндалған. Алпамыс Тайшық ханды шабу үшін аттанғанда кәміл пірлерін аузына алмағаны үшін жеті жыл сергелдеңге түседі. Яғни, Алпамыстың ислам дінін тарату жолында шамандық нанымдағы ханның тұтқыны болып жеті жылдай зынданда жатқанын көрсетеді. Кәміл пір мұсылман болса, Жайылған шамандық сенімдегі жебеуші рух. Ендеше Алпамыс дәуірі ескі сенім мен жаңа діни сенім арасындағы арпалыстарға толы қайшылығы мол кезең. Мыстан кемпір (аналық культ) шаман сеніміндегі бақсы әрі оның күші Алпамыстан басым түседі. Ол өзінің сиқырымен жас батырды өзіне кіріптар етеді. Осылайша Мыстан мама («Алпамыс батыр» жырының қарақалпақ нұсқасында осылай аталады) өз елінің ақылгөй-қорғаушысы ретінде Тайшық ханның елін уақытша болса да сыртқы жаудан қорғап қалады. Қорқыт та исламдық пірлерді мойындаған соң бұрынғы шамандардан қашуға мәжбүр болады. Алпамыс көзсіз батыр, ол қашуды білмейді. Жеті жылдық сергелдеңнен соң ислам дінімен қаруланған батыр Тайшық ханның елін мұсылман қылады. Қорқыт өз дәуіріндегі қаһарман батырлардың үлгі істерін кейінгі ұрпаққа жеткізуші жыршы ретінде сипатталған. Қазақ аңызында Қорқыт өлімнен қашып әлемнің әр

Б.Әбжет. Сыр бойындағы жыршылық дәстүрдің Қорқыт дәуірінде...

тарапын шарлап шыкса да өмірінің соңында өзі туып-өскен Сыр бойына келіп мәңгілікке тұрақтайды. Демек, Қорқыттың өмір сүрген кезеңі оғыздардың күшейген кезеңіне тура келеді. Сыр бойындағы оғыздар күшейген тұста оларға түрікмендер, қырдағы қыпшақтар, Еділ бойындағы бұлғар пешенелерін де өзіне қаратқан. Қорқыт баят руынан шыққан делінеді. Профессор Ә.Қоңыратбаев Қорқыт қыпшақ тайпасынан шыққан болуы мүмкін деген тұжырым жасаған. Себебі оғыз тайпалары XI ғасырға дейін ислам нанымна бейімделген болса, қыпшақтар 1257 жылға шейін шамандық нанымнан әлі ажырай қоймаған еді. Алайда, бұрынғы сенімдердің көбесі сөгіліп, жаңа діннің ықпалы күшейе бастаған кезең болатын. Белгілі тарихшы ғалым Н.Нұртазина: "Түркілердің ислам дінін қабылдауына араб-мұсылман жаулап алуларының да маңызды әсерлері болды. Орталық Азия халқы арабтарды терең рухани дағдарыс жағдайында қарсы алды. Белгілі бір циклдің бітуі мен түгесілуі белгілері айқын біліне бастаған болатын. Көне мифологиялық жүйе өмір сүруін тоқтатты. Қоғам дүниетанымдық дағдарысты бастан кешірді: ол адамзат пен әлемнің жаңа өмір сүру мәнін табуды қажет етті" (Жеңіс, 2016: 82), - дейді.

«Қорқыт ата» кітабындағы оқиғаларға келсек ислам діні әлі толықтай үстемдікке ие болмай тұрған кезеңге тура келеді. XV ғасырда хатқа түсірілгендігіне қарамастан кітапта ескі шамандық нанымдар жақсы сақталып қалған. Жырда дін үшін ғазуат соғысына аттанған батырлар көрінбейді. Қорқыт ата кітабындағы айтылатын жырлардың композициясы көне эпостық үлгіге құрылған. Демек, жыр Сыр бойындағы оқиғаларға қатысты туғанға ұқсайды. Оның үстіне Баршынкент, Сырлытам сияқты Алпамысқа қатысты жер атаулары әлі күнге шейін Сыр бойындағы тарихи ескерткіш атаулары ретінде сақталып қалған. Қазіргі кезде де Қорқыт пен Алпамыс түркі халықтарының ортақ тұлғасы ретінде қарастырылады. Бұл екеуі де түркі халықтарының бірлігі, ынтымағы жолында аянбай күрескен тарихи тұлғалар. Алпамыс батырдың өмір сүрген дәуірі Сыр бойында құрылған оғыз-қыпшақ бірлестігі тұсына жақын келеді. «Қорқыт ата» кітабында Бамсы Қазан ханның байрағын ұстаушы батыры ретінде көрінеді. «Сыртқы оғыздардың ішкі оғыздарға қарсы бас көтеруі және Байрақтың қалай өлтірілгені туралы жыр» атты жырында сыртқы оғыздардың бегі Аруз өзінің ойын жүзеге асыру үшін Бамсыны өзіне алдап шақырып алып батырды қапыда өлтіреді. Себебі сыртқы оғыздар Бамсы тұрған кезде Қазанды жеңу мүмкін еместігін жақсы білген. Кітаптағы айтылатын жырды шығарушы Қорқыт абыз деп жазылған. Сыр бойында

туған жырлар оғыз тайпалары арасында XV ғасырға шейін сақталып кейін қағазға түскен. Қорқыт ата кітабын көп зерттеген белгілі ғалым Ш.Ыбыраев былай дейді: "Түрлі тарихи дәуірлерде қалыптасқан оғыздың батырлық жырлары XIV-XV ғасырларда аты аңызға айналған Қорқыт ата есіміне байланыстырылып және біртұтас эпикалық жүйеге келтіріліп, Әзірбайжан мен Кіші Азия территориясында қағаз бетіне түсірілді. Алайда "Қорқыт ата кітабындағы" жырлардың (Дрезден нұсқасында 12, Ватикан нұсқасында 6 жыр бар) дені оғыз тайпаларының ежелгі мекені Орталық Азия (дәлірек айтқанда, Сырдария мен Арал теңізінің маңында) қалыптасқанын зерттеуші ғалымдардың көбі мойындайды" (Қазақ фольклорының типологиясы, 2009: 279).

Бұл бірнеше жырдың бірігу кезеңіне, цикльді жырлар топтамасына жатады. Мұндай топтасу одан кейінгі кезеңдерде де болған. Мысалы, қырғыздың «Манас» жырына көптеген батырлық жырлар кірігіп көлемді бір жырды дүниеге келтірген болса, «Қырымның қырық батыры» аталатын қырық жырдан тұратын ноғай-қазақ жырлары бір жырдың аясына топтана бастаған. Мұндай жырдағы бірігу үрдісі белгілі бір қуатты бірлестіктің ыдыраған уағында дүниеге келе бастайды. Жоғарыдағы Бамсы Байрақ туралы жыр Сыр бойында өмір сүрген оғыз-қыпшақ бірлестігінің ыдырауы кезінде дүниеге келгенін көрсетсе, «Қырымның қырық батыры» Ноғай хандығы мен Қырым хандығының әлсіреген тұсында дүниеге келген. «Алпамыс батыр» жыры кейінгі «Қырымның қырық батырына» да кіріккен. Алайда, «Алпамыс батыр» жыры өзінің сюжеті жағынан «Қырымның қырық батыры» топтамасындағы жырлардан әлдеқайда көнелігімен ерекшеленеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Омарбеков Т. *Егемендікке ұмтылған Ежелгі Оғыз ұлыстары*// Ана тілі газеті. 13 - сәуір, 2011 ж. №168 1 бет.
- Марғұлан Ә. *Ежелгі жыр-аңыздар*. Алматы: Жазушы, 1985,-368 б.
- Көпрүлү Ф. *Түркі әдебиетінде алғашқы сопы-ақындар*. - Түркістан, 2017. – 176 бет.
- Кенжетай Д. *Қожа Ахмет Йасауи дүниетанымы*. Түркістан, 2004. 341 б.
- Жеңіс Ж. *Ежелгі және ортағасырлардағы Иран мен Тұран*. Алматы, 2016.
- Қазақ фольклорының типологиясы*. Түркістан: "Тұран" баспасы, 2009. - 376 бет.
- National Digital History порталыды. 25/04/2018. kaz.ehistory@gmail <http://e-history.kz/kz/contents/view/310>.
- Қарақалпақ фольклоры (көп томлық)*. 1-8 томлар. – Нөкис: «Қарақалпақстан» баспасы, 2007 жыл. 756 бет.

Б.Әбжет. Сыр бойындағы жыршылық дәстүрдің Қорқыт дәуірінде...

Резюме

В статье говорится о возрождении традиции жыршы с появлением ислама в долине Сырдарьи, а также этапы повторного формирования школы жырау по стопам суфийской школы во времена Коркыта. Также в данной статье рассматриваются следы батыров в долине Сырдарьи, описанных в книге «Коркыт Ата», а также их облик в эпических произведениях казахов.

Ключевые слова: долина Сырдарьи, Коркыт, Алпамыс, шаманство, традиции жыршы, школа суфизма, огуз-кыпчак.

(Абжет Б. Этапы формирования традиции жыршы в долине Сырдарьи во времена Коркыта)

Özet

Makalede, ozanlık geleneğinin, Sırderya vadisindeki İslam'ın kabulüyle yeniden canlandırılması, yanı sıra, Dede Korkut döneminde Sufi ekolünün ayak izlerindeki ozanlık ekolünün yeniden oluşum aşamaları hakkında bahsedilmektedir. Ayrıca, bu makalede, "Korkut Ata" kitabında anlatılan Sırderya vadisindeki kahramanların izleri ve bu kahramanların Kazak destanlarındaki görünümü gibi konular ele alınmıştır.

Anahtar Kelimeler: Dede Korkut, Alpamıs, şamanizm, Sırderya Vadisi, ozanlık gelenekleri, Sufi Ekolu, Oğuz-Kıpçak.

(Abjet B., Dede Korkut Zamanında Sırderya Vadisinde Ozanlık Geleneğinin Oluşum Aşamaları)